



Автор: Жумағалиева Айман Исақызы

Пән: Музыка

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Менің Отаным-Қазақстан

Тақырып: Менің елім

Мақсаты	4.1.1.1 – музыкалық көркемдеуіш құралдардың көмегімен шығарманың жанрын, көркемдік образдарын анықтау және салыстыру; 4.1.2.1 – ән айту ережесін сақтай отырып, түрлі сипаттағы екі дауысты қарапайым элементтері бар әндерді орындау; 4.1.3.1 – музыкалық көркемдеуіш құралдардың көмегімен шығарманы орындау және импровизациялау.
---------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Барысы	(МК, Ұ) 1-тапсырма. Ойтолғау. Ақпарат іздеу. Орындау. М. Сабақ басында оқулықта берілген мәтінді бір оқушыға оқытып, қалған оқушылардан қысқаша түрде түсінік алады. «Біз қазақпыз! Біздің туған жеріміз, Отанымыз – Қазақстан! Қазақстан – кең-байтақ, ата-бабамыздан мұра болып қалған туған жеріміз. Егемендік алған елімізді әлем таниды. Жеріміздің сұлулығымен, халықтардың бірлігімен мақтанамыз. Біз бақытты халықпыз!» (М/О) ҚР мемлекеттік рәміздер: Ту, Елтаңба және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні туралы әңгімелейді. М. Оқушыларға ҚР Мемлекеттік рәміздердің маңыздылығы туралы айтып, Отанымыздың жас азаматы ретінде саналы түрде оларды құрметтеу керектігін өз ойымен түсіндіреді. М. Оқушылардан Мемлекеттік Гимнді орындау ережесін естеріне түсіріп, жатқа, салтанатты түрде мәнерлеп, сезіммен орындауды талап етеді. Бейнетаспа немесе ұнтаспаны қосып, сыныпта бірге орындайды. Мәтін оқулықта берілген. О. Гимнді орындап болған соң, Мемлекеттік Гимннің авторлары туралы түсінік беріп, мына сұрақтарға жауап береді: – ҚР жаңа Гимні қай жылы қабылданды? – ҚР мемлекеттік рәміздері қай жылы қабылданды? – «Гимн» деген сөз нені білдіреді? М. Тапсырманың талабы бойынша мектептің жағдайына және оқушылардың дайындығына қарай ғаламтор желісінен осы сұрақтарға ақпарат іздеуді талап етеді. М. Ондай мүмкіндіктер болмаса, оқушыларға берген сұрақтарға мынадай дайын жауаптар болу керек: – ҚР жаңа Гимннің қабылданған жылы – 2006 ж. 11 қаңтар. Авторлары: музыкасын жазған: композитор Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев. – ҚР мемлекеттік рәміздердің қабылданған жылы – 24.01.1996 ж. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығымен бекітілген. ҚР Мемлекеттік туының авторы: Шәкен Ниязбеков. ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары: Жандарбек Мәлібеков пен Шотаман Уәлиханов. Қажет болса, мысалы, Елтаңба, Ту туралы қосымша мәлімет немесе оқушылардың өздеріне ізденіс жұмыс ретінде тапсырма беріп, ғаламтор желісінен табуға болады. (М/О). Оқулықта берілген Мемлекеттік Гимн туралы түсінік те бірге таныстырылады.	